

«АТОМ УЛАҒАН ДАЛА: ҚАЗАҚСТАННЫҢ БОМБАДАН БАС ТАРТУ ЖОЛЫ» ТҰСАУКЕСЕР

Абай атындағы облыстық кітапханада Герман Қоғамдық Қауымдастығы «Қазақстандағы Фридрих Эберт атындағы қорының» өкілдігімен бірлесіп, Олбани университеті (Нью-Йорк – Олбани штаты), саяси зерттеулер орталығы жанындағы Халықаралық қауіпсіздік, коммерция және экономика саласындағы мемлекеттік басқару жөніндегі жобаның аға ғылыми қызметкері, Тоғжан Қасенованың «Атом улаған дала: Қазақстанның бомбадан бас тарту жолы» атты қазақ тіліндегі кітабының тұсаукесері өтті. Шараға қоғам қайраткерлері, депутаттар, Семей қаласының зиялы қауым өкілдері, Шәкәрім атындағы университеттің профессорлық-оқытушылар құрамы мен студенттері, мәдениет мекемелерінің қызметкерлері, БАҚ өкілдері қатысты.

